



**KAZ Minerals**  
**International DMCC**  
**Unit 3402, Platinum Tower,**  
**Plot JLT-PH1-I2**  
**Jumeirah Lakes Towers,**  
**Dubai**  
**United Arab Emirates**

2026 жылғы 20 ақпан

## **KAZ MINERALS ТОБЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ОН ЕКІ АЙ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ТОҚСАННЫҢ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ**

2025 жылы KAZ Minerals Тобы 369,7 мың тонна мыс өндірді, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен (379,9 мың тонна) 3% төмен. Көрсеткіштің төмендеуі қайта өңделетін кендегі мыс мөлшерінің жоспарлы азаюына байланысты болды.

Есепті кезеңде Ақтоғайда рекордтық көлем — 62,1 млн тонна сульфидті кенді қайта өңделді. Бұл 2024 жылғыдан (58,3 млн тонна) 6% артық. Өсім диірмендердің жүктемесін арттыру және техникалық қызмет көрсетуге байланысты тоқтап тұру уақытын қысқарту есебінен мүмкін болды.

Мыстың сатылым көлемі 359,7 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 386,8 мың тонна). Өткізу көлемі өндіріс көлемінен төмен - бұл жыл басындағы уақытша логистикалық шектеулерге байланысты; катодты мыстың бөлігі есепті кезеңнің соңында жолда болды және 2026 жылдың қаңтарына жатқызылады.

2025 жылдың төртінші тоқсанында мыс өндірісі 94,0 мың тоннаға дейін артты (2025 жылдың 3-тоқсаны: 91,7 мың тонна). Алтын өндірісі 36,6 мың унцияны құрады (2025 жылдың 3-тоқсаны: 33,1 мың унция). Күміс өндірісі 1,09 млн унцияға дейін өсті (2025 жылдың 3-тоқсаны: 955 мың унция). Концентраттағы мырыштың өндіріс көлемі 19,5 мың тоннаға дейін артты (2025 жылдың 3-тоқсаны: 13,9 мың тонна).

### **Ақтоғай**

2025 жылы Ақтоғайдағы мыстың жалпы өндіріс көлемі 225,7 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 228,8 мың тонна). Көрсеткіштің төмендеуіне оксидті кен өндіру көлемінің қысқаруына байланысты катодты мыс өндірісінің азаюы себеп.

Сульфидті кенді қайта өңдеу рекордтық деңгейге — 62,1 млн тоннаға жетті (2024 жыл: 58,3 млн тонна). Өсім №1 сульфидті фабрикада 8% және №2 сульфидті фабрикада 5% жетіп, жабдықтардың жүктемесін арттыру және тоқтап тұру уақытын қысқартудың арқасында мүмкін болды.

Концентраттағы мыс өндірісі 220,3 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 221,0 мың тонна). Өндіріс көлемінің азаюы кендегі металл мөлшерінің төмен болуына байланысты. Катодты мыс өндірісі оксидті кеннің сілтісіздендіру алаңдарына жинақталатын көлемінің азаюы және кендегі металл мөлшерінің төмендеуі салдарынан 15,3 мың тоннаға дейін қысқарды (2024 жыл: 17,7 мың тонна).

Күміс өндірісі 1,29 млн унцияны құрады (2024 жыл: 1,33 млн унция). Концентраттағы молибден өндірісі 4 296 тоннаға дейін жетті (2024 жыл: 4 075 тонна).

2025 жылдың төртінші тоқсанында сульфидті кенді қайта өңдеу көлемі 15,4 млн тоннаны құрады (2025 жылдың 3-тоқсаны: 15,9 млн тонна). Төмендеу желтоқсан айында жүргізілген жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарына байланысты. Мыс өндірісі 54,1 мың тоннаны құрады (2025 жылдың 3-тоқсаны: 56,8 мың тонна).

### **Бозшакөл**

2025 жылы Бозшакөлде мыс өндірісі 97,7 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 104,7 мың тонна). Қайта өңдеу көлемі 35,7 млн тоннаға дейін артқанына қарамастан (2024 жыл: 34,8 млн тонна), кендегі

мыстың орташа мөлшерінің 0,39% дейін төмендеуі (2024 жыл: 0,40%) және металды бөліп алу коэффициентінің 73,4% дейін қысқаруы (2024 жыл: 78,1%) қорытынды нәтижеге әсер етті.

Алтын өндірісі 87,4 мың унцияға жетті (2024 жыл: 104,0 мың унция). Күміс өндірісі 733 мың унцияны құрады (2024 жыл: 878 мың унция).

2025 жылдың төртінші тоқсанында кендегі мыс мөлшерінің жоғары болуы және қайта өңдеу көлемінің артуы есебінен мыс өндірісі 27,0 мың тоннаға дейін жетті (2025 жылдың 3-тоқсаны: 23,1 мың тонна). Алтын өндіру 22,0 мың унцияны құрады (2025 жылдың 3-тоқсаны: 21,6 мың унция). Күміс өндірісі 193 мың унцияға дейін жетті (2025 жылдың 3-тоқсаны: 159 мың унция).

**Шығыс өңір мен Бозымшақ**

2025 жылы Шығыс өңір мен Бозымшақ 46,3 мың тонна мыс өндірді (2024 жыл: 46,4 мың тонна).

Кеніштердегі өндіру көлемінің артуы және кен байыту фабрикаларының жүктемесінің ұлғаюы есебінен кенді қайта өңдеу көлемі 3,6 млн тоннаны құрады (2024 жыл: 3,47 млн тонна). Металдың орташа мөлшерінің төмендеуі қайта өңдеу көлемінің артуымен өтелді.

Алтын өндірісі 41,1 мың унцияны құрады (2024 жыл: 39,9 мың унция). Күміс өндірісі 1,80 млн унцияға дейін жетті (2024 жыл: 1,52 млн унция). Концентраттағы мырыш өндірісі 53,8 мың тоннаға дейін өсті (2024 жыл: 42,8 мың тонна).

2025 жылдың төртінші тоқсанында мыс өндірісі 12,9 мың тоннаға дейін артты (2025 жылдың 3-тоқсаны: 11,8 мың тонна). Алтын өндірісі 12,9 мың унцияны құрады (2025 жылдың 3-тоқсаны: 11,3 мың унция). Күміс өндірісі 592 мың унцияға дейін өсті (2025 жылдың 3-тоқсаны: 471 мың унция), ал мырыш өндірісі 19,5 мың тоннаға жетті (2025 жылдың 3-тоқсаны: 13,9 мың тонна).

**KAZ Minerals** **Тобының басқарма төрағасы Андрей Третьяков:** «KAZ Minerals 2025 жылы 370 мың тонна мыс пен 132 мың унция алтын өндіріп, жоғары өндірістік көрсеткіштермен тағы бір жылды қорытындылады. Топ мыс пен бағалы металдарға деген қарқынды өсіп келе жатқан сұранысты өтеуде жақсы позицияда тұр. KAZ Minerals кен өндіруден бастап өңдеуге дейінгі өндірістік тізбектің барлық кезеңдерінде заманауи технологияларды қолданады және қолданыстағы кеніштерді кеңейтуді жалғастыруда. Операциялық жетілдіру қағидаттарына деген берік ұстаным Ақтоғайда әлемдік деңгейде мойындалған рекордтық көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік берді».

| KAZ Minerals Тобының өндірісіне қысқаша шолу |                  | 2025<br>12 ай | 2024<br>12 ай | 2025<br>4-тоқ. |
|----------------------------------------------|------------------|---------------|---------------|----------------|
| <b>Мыс өндіру<sup>1</sup></b>                | <b>мың тонна</b> | <b>369,7</b>  | <b>379,9</b>  | <b>94,0</b>    |
| Ақтоғай                                      | мың тонна        | 225,7         | 228,8         | 54,1           |
| Бозшакөл                                     | мың тонна        | 97,7          | 104,7         | 27,0           |
| Шығыс өңір мен Бозымшақ                      | мың тонна        | 46,3          | 46,4          | 12,9           |
| Алтын өндіру <sup>2</sup>                    | мың унция        | 132,3         | 145,8         | 36,6           |
| Күміс өндіру <sup>3</sup>                    | мың унция        | 3 824         | 3 728         | 1 094          |
| Концентраттағы мырыш                         | мың тонна        | 53,8          | 42,8          | 19,5           |

<sup>1</sup> Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғай оксидті кеніннен өндірілген катодты мыс

<sup>2</sup> Концентраттағы ақысы төленетін металл

<sup>3</sup> Концентраттағы ақысы төленетін металл көлемі

**Қосымша ақпарат алу үшін:**

|                 |                                                                 |                               |
|-----------------|-----------------------------------------------------------------|-------------------------------|
| Мақсұт Жапабаев | Корпоративтік байланыстар департаменті,<br>Алматы               | Тел: +7 727 244 03 53 (15250) |
| Ермек Дюзкенов  | Корпоративтік байланыстар департаменті,<br>ШҚО және Абай облысы | Тел: +7 701 421 04 18         |

## РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals International FZCO (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстанда кен орындарын ашық әдіспен ірі ауқымда және төмен шығынмен игеруге маманданған мыс өндіруші компания. Топ операциялық іс-қызметін Абай облысында орналасқан Ақтоғай мыс кенішінде, Орлов кеніші мен фабрикасында және Павлодар облысындағы Бозшакөл кенішінде, Шығыс Қазақстан облысындағы екі кеніш пен кен байыту фабрикасында, Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді.

2025 жылы KAZ Minerals 370 мың тоннаны мыс, 54 мың тонна концентраттағы мырыш, 132 мың унция алтын, 3,82 млн унция күміс және 4,5 мың тонна концентраттағы молибден өндірді. Ақтоғай мен Бозшакөл сияқты ірі өндірістік кәсіпорындар саладағы озық өсімді қамтамасыз етіп, Топтың әлемдік деңгейдегі ашық типтегі мыс кеніштеріне бағдарланған компания ретіндегі мәртебесін нығайтты.

KAZ Minerals-та Қазақстан мен Қырғызстанда шамамен 14 000 адам жұмыс істейді.